

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 6 сәуірдегі N 287

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Займ туралы келісімнің күшіне енуіне арналған шарттарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

7-тармақтағы "Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет" деген сөздер "Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитет" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ескерту. 1,2,3-абзацтарын қоспағанда күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2005.06.03. N 557 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі